

“Алтын адам”-темір дәуірінен бері сақталған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. Мүрдені сақ обасынан Алматы облысы, Есік қаласы, Есік өзенінің сол жақ жағалауынан археолог К.А.Ақышов тапқан.

Алтын адам киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, жылқы, түрлі құс бейнелерін беретін хайуанат нақышында жасалынған. Қазақстанды мекен еткен ежелгі тайпалар туралы өте құнды деректер беретін алтын киімді адам еліміздің азаттық символына айналды. Мұражайдың төрінде тұрған “Алтын адам” ежелгі дәуірлерден сыр шертеді.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі-Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған архитектуралық ғимарат.

Мұсылмандардың киелі жері саналатын кесене керемет көрінісімен көз тартады. Күйдірілген шаршы кірпіштен өріліп, шатыр жабу тәсілімен салынған. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.



Домбыра - қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді.

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның күмбірлеген үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жалғасып келе жатыр.





Киіз үй- “Атамыз-Алаш, керегеміз-ағаш, киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз” деп, аталы сөз қалдырған қазақ халқының негізгі баспанасы. Қыста суықтан, жазда ыстықтан қорғайтын ерекше қасиеті бар киіз үйді бір отбасы бір сағат көлемінде жинап, құрастыра алады. Киіз үй арқылы халқымыз аспан әлемімен тілдесіп, есептеу жүйесі мен мәдениет , өнердегі талғампаздыққа, экономикалық біліктілікке үйренді.

Сән-салтанатына қарай қара үй (үш қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар.



Жартастағы мешіттер- біздің уақытымызға дейін жақсы деңгейде сақталған діни сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып саналады. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданындағы Таушық кентінен батысқа қарай 25 км жердегі қорымда орналасқан.

Тасты жартасқа ойып салынған ерекше мешіттің құрылысы діни рәсімдер өткізуге және науқас адамдарды емдеуге арналған. Жер астына салынған бөлігінің қабырғалары сопылардың қалдырған жазбаларынан тұрады. Қабырғада бұл дүниенің қысқалығы және баянсыздығы жазылған.



Бәйтерек кешені - Астана қаласындағы құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі.

Аңыз бойынша әлемдердің тоғысқан жерінде дүниежүзілік өзен ағып жатады. Оның жағасында жерді тамырымен ұстап, тәжімен көкті тіреп тұрған Өмір ағашы- Бәйтерек өседі.

«Бәйтерек» - жас, күшті, өсіп келе жатқан ағашты білдіреді, яғни тарихи тамырын сақтап қалған, тірегі берік, болашақтың гүлденуіне ұмтылған мемлекетті сипаттайды.

Тамғалы шатқалындағы жартастағы суреттер- петроглиф тас кешені, Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі. 2004 жылдан бері ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енген.

Жартастарда «күнбастылар», «маскарадшылар», шоқпарұстаушылар, қасқыр маскасындағы садақшы, қару ұстаған жауынгерлер, малдар мен адамдарды құрбандыққа шалу көріністері, жас босанған әйелдер, арбалар, түрлі белгілер, символдар, сондай-ақ бұқалар, құландар, аттар, түйелер, қабандар, қасқырлар мен бұғылар бейнеленген.

